


Рис 1 « Облако тегов»

Для лучшего запоминания правил, терминов, важной информации, я использую различные схемы и иллюстрации, бинфографика. Этот вид предоставленной информации работает на формирование читательской грамотности и запоминание важной информации урока.



Рис 2 Инфографика по теме «Здоровое питание»

Но главное не переборщить яркостью и насыщенностью картинок. Иначе будет обратный эффект. Переизбыток информации приводит к повышенной раздражительности, торможению мыслительных действий.

Для повышения интеллектуального потенциала каждого ученика, на уроках я использую приемы «педагогического дизайна» способствующие развитию мыслительных операций.

Одним из таких приемов является «Улитка». Это задача по разгадыванию иллюстраций, состоящих из 9 секторов. Называется приём «Улитка» т.к. нужно прочитать или выстроить логическую цепочку по примеру закрученного панциря этого моллюска.




Рис 3 Принцип чтения « Улитки»



Рис 4 « Улитка» по теме органы растений



Работу строю следующим образом. Ученикам предлагаю прочитать «Улитку» найти связь между изображениями и определить тему урока.

Возможен вариант по организации чтения параграфа учебника по абзацам составить свой вариант «Улитки». Затем учащиеся сравнивают результат своей работы с вариантом, предложенным учителем.

Учащиеся получают задание самостоятельно составить «Улитки» по пройденному на уроке материалу или составляют «Улитку» в качестве опережающего задания к будущим урокам.

Как средство контроля и качества изученных тем, я использую сервис «Google-формы», позволяющий быстро и просто формировать тесты, создавать задание в виде словарной работы. «Google-формы» дают возможность настраивать автоматическую проверку и получать готовые результаты с указанием всех ошибок учащихся.

Результаты тестирования можно увидеть в форме таблиц, графиков, текста. Для ребят сервис удобен тем, что учащийся сам имеет возможность просмотреть западающие зоны.

Приёмы педагогического дизайна облегчают получение новых знаний, работают на запоминание материала, делают процесс обучения прозрачным и понятным для учащихся.

В современных условиях мы не можем быть просто учителями, мы должны быть цифровыми учителями. Карета прошлого для этого не годится. Кто нехочет отставать, должен двигаться вперед, и не останавливаться, достиг нув вершины, а подниматься выше.

#### Литература.

<https://www.ispring.ru/elearning-insights/chto-takoe-pedagogicheskij-dizajn>

<https://lala.lanbook.com/novye-resheniya-v-obrazovatelnom-processe-pedagogicheskij-dizajn>

<https://infourok.ru/pedagogicheskij-dizajn-metodiki-obucheniya-razlichnih-grupp-s-uchetom-ih-spezificheskikh-potrebnostey-3544363.html>

## **Физикадан заманауи білім беруде ойын технологиясын қолдану әдістемесі**

**Қонысбай Маржан Нысанбекқызы**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Физика БББ 2-курс магистранты, Түркістан қ.*

**Ғылыми жетекшісі:**

**Усембаева Индира Бакытовна**

*PhD, Физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.*

***Аңдатпа.** Мақалада қазіргі заманғы білім берудің өзекті мәселелерінің бірі - жалпы білім беретін мектепте тиімді оқыту технологиясын қолдану қарастырылады. Мектептерде физика пәнін оқытудың қазіргі жағдайын зерттеу үшін автор жоғары сынып оқушылары мен мектептегі оқу үдерісінде қолданыстағы әдіс – тәсілдерді зерттеді. Мақалада физика пәнін оқытудың тиімді педагогикалық технологиясы ретінде ойын технологиясы ұсынылып, сонымен қатар педагогикалық эксперимент жүргізіліп, зерттеу оң нәтижесін көрсетті.*

***Түйінді сөздер:** ойын технологиясы, педагогикалық технология, педагогикалық эксперимент*



**Кіріспе.** Қазіргі таңда білім берудегі негізгі талап – оқу мазмұнын жаңарта отырып, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін пайдалану және қолданудың тиімділігін арттыру. Әлемнің көптеген елдерімен қатар, біздің елде де жалпы білім беретін мектепте физика пәнін оқыту дәстүрлі оқулықтар мен зерттеу материалдарын қамтиды, бұл оқушылардың оқуға деген ынтасын ашпайтыны сөзсіз. Білім беру үрдісінде жаңартылған педагогикалық технологияларды пайдалану, оқушылардың белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін және командалық жұмыс дағдыларын дамытады. Физика пәнін оқытуда озық технологиялардың бірі - ойын технологиясы.

Неліктен ойын ойнау әрқашан жақсы идея болып табылады және оны мектептегі ең жақсы жетістіктермен қалай байланыстыруға болады? Сенсеңіз де, сенбесеңіз де, көптеген жылдар бойы жүргізілген зерттеулер педагогикалық ойындар оқушының танымдық және кеңістіктік дағдыларын, проблемаларды шешу мен шығармашылықты дамытуға мүмкіндік беретінін дәлелдеді. Мұндағы құпия мынада: бейне ойындар оқушыны әртүрлі сценарийлер мен нақты әлемде қайталау қиын немесе тіпті мүмкін емес шындықтарды бейнелеуі мүмкін. Сондай-ақ, ойын арқылы сіз оқушының үлгерімін бақылай аласыз. Осы себептерге байланысты педагогикалық ойындарды ойыншыларға қателіктер жіберіп, содан кейін оқуын күшейтетін әртүрлі сценарийде ұйымдастыруға болады. Бұл әдіс оқушыларға қиын болып саналатын физика пәнін оқытуда таптырмас шешім деп ойлаймыз [1].

Физика пәнін оқытуда ойын технологиясы көп қолданыста болмаса да, ерте заманнан қолданылып келе жатқан әдіс-тәсілдердің бірі. Ойын технологиясын жалпы білім беретін мектеп бағдарламасында жүзеге асыру үшін заманауи зерттеулер мен ұсыныстарды талап етеді.

Физиканы оқытуда оның теориялық тұстарын және оқыту әдістерін жетілдіру Кротов В.М. [2], Сүлеймен С.Д, Снежко М.Я. [3], Перышкин А.В, Пикени А.А секілді белгілі әдіскердің еңбектерінде жазылған.

Ал еліміздегі Әбілқасымова А.Е, Жаңаберженов Қ.Ж, Кенжебаев Т.К танымал әдіскерлердің зерттеулері физиканы оқытудың сан алуан мәселелерін қарастырған. Бұл зерттеулер жалпы білім беретін мектептегі физика курсына оқытуды оқушылардың танымдық қабілеті мен белсенділігін арттыру жолдарын зерттеуді басты міндет етіп қоя білген [4].

Физика пәнін оқытуда ойын технологиясы тек күрделі құбылыстарды жеңіл түсіндіру мақсатында ғана емес, қарапайым түсініктер мен ұғымдарды меңгеруге, сонымен қатар физикалық шамалар мен формулаларды есте сақтауға да септігін тигізуі қажет деп санаймыз. Сондықтан да физикалық ойындарды оқу мақсатына негіздеп жасау өте маңызды [5].

### **Әдістеме**

Ойын технологиясын қолдану келесі талаптарды қамтуы керек: тақырыптың оқу мақсатына негізделген, күтілетін нәтиже айқын және оқу үрдісін қамтитын уақытқа сай болуы қажет. Физика пәнінде ойын технологиясын қолдану ерекшеліктері білім алушылардың қызығушылығын арттыру мен материалды меңгеруін тереңдетуге бағытталған. Ойын технологиялары оқу процесін жандандырады және оқушылардың белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін дамытады [6]. Физика пәнінде ойын технологияларын қолданудың бірнеше ерекшеліктері:

1. Оқу материалын интерактивті ету. Симуляциялар мен виртуалды тәжірибелер: Оқушылар физикалық құбылыстарды интерактивті форматта зерттеп, эксперименттер жүргізу арқылы материалды тереңірек түсінеді.

2. Топтық динамика. Топтық ойындар: Оқушылар топтарға бөлініп, бірлесіп шешім қабылдау, проблемаларды шешу және физикалық заңдарды қолдану арқылы ынтымақтастық дағдыларын дамытады.

3. Мотивация мен қызығушылық. Бәсекелестік элементтері: Ойын технологиялары арқылы оқушылар арасында бәсекелестік туғызып, олардың ынтасын арттыру.

4. Даму мен зерттеу. Зерттеу жобалары: Оқушылар физикалық заңдарды және принциптерді қолдана отырып, эксперименттер жасап, нәтижелерін талдайды.





5. Шығармашылық және ойлау қабілетін дамыту. Рөлдік ойындар: Оқушылар белгілі бір физикалық процестерді немесе мәселелерді рөлге бөлініп талдау арқылы шығармашылықтарын дамыту.

6. Техникалық дағдыларды қалыптастыру. Техникалық құралдарды пайдалану: Ойын технологиялары мен қосымшаларын қолдану оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттырады.

7. Оқу үрдісінің визуализациясы. Графикалық элементтер: Инфографика, анимациялар, және визуализациялар арқылы материалды түсіндіруді жеңілдетеді.

8. Бағалау мен кері байланыс. Интерактивті тестілеу: Ойын элементтерімен интеграцияланған тесттер оқушылардың білімін бағалауға және кері байланыс алуға мүмкіндік береді [7].

Физика пәнін оқытуда ойын технологиясын қолданудың негізгі принциптері:

- Мақсаттылық принципі-ойын технологиялары оқу мақсатына сай болуы тиіс. Ойынның мазмұны мен форматы физикалық заңдар мен концепцияларды түсіндіруге бағытталуы керек.

- Интерактивтілік принципі- оқушылардың белсенді қатысуын қамтамасыз ету. Ойындар арқылы оқушылар материалды өз бетінше зерттеп, тәжірибе жасап, белсенді түрде қатыса алады [8].

- Технологиялық интеграция принципі- ойын технологияларын цифрлық құралдармен, бағдарламалармен және қосымшалармен біріктіру. Бұл оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

- Ғылымилық принципі - оқу процесінде материалдардың дәлдігі мен объективтілігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды принцип. Оқушыларға ұсынылатын материалдар физикалық заңдар, ұғымдар және теорияларға негізделуі тиіс. Оқу материалдары ғылыми дәлелдер мен тәжірибелік нәтижелерге сүйену арқылы ұсынылады [9].

Білім беру үдерісінде педагогикалық ойындарды сабақтың әр кезеңімен байланыстыруға болады, мысалы: үй тапсырмасын сұрау үшін викториналар ұсыну. Физикалық заңдар мен формулаларға негізделген викториналар барлық оқушыдан бірдей уақытта жауап алуға мүмкіндік береді. Пазлдар мен ребустар күрделі физикалық құбылыстарды түсінуге көмектеседі [10].

Әдістеменің негізі – Kahoot, Quizizz, WordWall, Learning Apps сияқты интерактивті оқу қосымшаларын, сонымен қатар ребустар мен сөзжұмбақтарды ойын технологиясы негізінде оқу үдерісіне біріктіру. Атап өткен ойын қосымшалары оқушыларды оқу үдерісіне ынталандырып қана қоймай білімді бекітуге және оны тексеру кезеңіне тиімді қолдануға болады. Мысалы, Kahoot қосымшасы интерактивті викторина жасау платформасы. Мұғалімдер өздерінің тесттерін әзірлеп, оқушыларға қызықты форматта ұсына отырып, білімдерін тексере алады.

Әдістеменің маңызды аспектісі әр оқушыға жеке көңіл бөлу болып табылады. Ойын жоспары құрылғанда әр оқушының ерекшеліктері мен қызығушылықтары ескеріледі. Оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге ынталандыру, олардың өз бетінше ойлау жүйесін және талдау қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Оқушының ілгері дамуы, пәнге деген белсенділігін арттырады. Осылайша, бұл әдістеме физика пәнін оқытуда оқу үдерісін қызықты әрі тиімді етеді. Сонымен қатар оқушылардың пәндік дағдыларын дамыта отырып, белсенді қатысуға итермелейді деп санаймыз.

### **Практикада қолдану**

Зерттеу Түркістан облысы, Түркістан қаласының М.Пошанов атындағы №21 жалпы білім беретін мектептің 9-сынып оқушыларына жүргізілді.

Жалпы білім беретін мектепте физиканы оқытудың дәстүрлі оқыту технологиясы және ойын технологиясын салыстыру үрдісі екі бақылау сыныбын алу арқылы жүргізілді. Эксперимент жүргізуге 9-сыныптың 2 сыныбы алынды ( 9«а» 9«б»). 9 «а» сыныбы дәстүрлі оқыту әдістерін қолдана отырып стандартты бағдарлама бойынша оқытылды. 9 «б» сыныбы



оқу үдерісінде оқу ойындары мен қосымшаларын пайдаланды. Эксперимент бір айға созылып, соңында екі сынып оқушыларының материалды меңгеру деңгейіне, пәнге деген қызығушылығына және сабаққа қатысу белсенділігіне баға берілді.

9 «а» сыныбында сабақтар дәстүрлі форматта жүргізілді: мұғалімнің түсіндіруі, есептер шығару, зертханалық жұмыстар, жазбаша тапсырмалар. Оқушылар мұғалімнің жаңа сабақты түсіндіруін тыңдап, оқулықты пайдалана отырып конспектілеп, тақырып соңындағы жаттығуды орындады. 9 «б» сыныбында тапсырмаларды орындауға, үй тапсырмасын сұрауға, жаңа тақырыпты бекітуге әр сабақта әртүрлі ойын қосымшалары пайдаланылды. Практикада әдістемені қолдану дәстүрлі оқыту әдісіне интерактивті ойын элементтерін енгізуден басталады.

Сабақ тақырыбы: Қисықсызықты қозғалыс; материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы.

Оқу мақсаты: 9.2.1.13 дененің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысын сызықтық және бұрыштық шамалар арқылы сипаттау;

Сабақты бекіту үшін Learning Apps қосымшасында сәйкестендіру тапсырмасын қолдандық. Бұл тапсырманың тиімділігі оқушыға сілтеме жіберіліп үй жағдайында қайталауға мүмкіндік алады және оқушы нәтижесін мұғалім бақылап отыра алады (Сурет 1).




Сурет 1- Қисықсызықты қозғалыс; материялық нүктенің шеңбер бойымен бірқалыпты қозғалысы тақырыбына сәйкестендіру тапсырмасы

Келесі сабақ практикалық жұмыс №1. Практикалық жұмыста оқушылар есептер шығару үшін ең алдымен физикалық шамаларды және формулаларды еске түсіру үшін Wordwall қосымшасын пайдалана отырып ойын ойнады. Бұл ойында оқушылар шарды жара отырып физикалық шамаларды және олардың белгіленуін еске түсіреді (Сурет 2).

Формулаларды еске түсіру үшін Quiz Show ойынын ойнады (Сурет 3).



Сурет 2 - Физикалық шамалар



Сурет 3 - Quiz Show ойыны

Осылайша оқу үдерісінде сабақтың әр бөліміне ойын элементтері қосылып отырды.

Эксперимент соңында екі сыныпта да пәнді меңгеру деңгейін бағалау мақсатында тестілеу жүргізілді. Нәтижелер ойын технологиясына негізделіп оқытылған сынып жоғары нәтиже көрсетті және пәнге деген қызығушылығы артып, сабақта белсенділік танытты. Сонымен қатар үлгерімі төмен оқушылардың білімі арта бастады. Дәстүрлі оқыту мен ойын технологиясын пайдаланып оқытудың айырмашылығын айқындау үшін оқушылар арасында сауалнама жүргізілді (Кесте 1).

Кесте 1 - Ойын технологиясын қолдануға көзқарас

Сауалнама сұрақтары	Жауап нұсқалары	Нәтижесі
1 Сізді оқыту барысында ойын қосымшасын пайдаланылып өтілетін сабақтар немесе пайдаланбайтын сабақтардың қайсысы қызықтырады?	Мобильді құрылғылар, интерактивті панель, ойын қосымшалары.	100%
	Анықтамалықтар, оқулықтар, тақта.	
	Сіздің ұсынысыңыз.	
2 Сіз үшін онлайн үй тапсырмасын орындаудың артықшылықтары?	Қолжетімді және сапалы	34%
	Интерактивті, сапалы, қолжетімді	22%
	Қолжетімді, сапалы, қызықты	44%
3 Онлайн платформа дегеніміз не?	Мұғалімдер мен оқушыларды байланыстыратын құрал.	41%
	Шынайы оқыту ортасын құруға	3%



		мүмкіндік беретін технология.	
		Ақпаратты пайдалануға және оқу материалдарына қол жеткізуді және бірлесіп жұмыс істеуді қамтамасыз ететін технологиялар.	25%
		Ұялы телефон, планшеттер мен ноутбуктерді оқу мақсатында қолдануға болады, мысалы, электронды оқулықтарды оқу және үй тапсырмасын орындау.	31%
4	Мұғалімнің цифрлық технологияны меңгеру деңгейін қалай бағалайсыз?	Төмен	
		Орташа	25%
		Жоғары	75%
5	Оқу үдерісінде ойын қосымшаларының артықшылықтары қандай?	Оқушылардың ынтасын арттыру және олардың білімі мен дағдысына деген сенімін туғызу.	46%
		Күрделі құбылыстарды түсіну мүмкіндігін туғызады.	6%
		Оқушылардың белсенділігін арттыратын қызықты және интерактивті оқыту әдісі.	35%
6	Цифрлық білім берудің қай тәсілі көбірек ұнады?	Дәстүрлі оқыту	13%
		Интегралдық	
		Ойын	87%
7	Ойын элементтерін пайдалана отырып оқытуды қолдайсыз ба?	Иә, қолдаймын оқу қызықтырақ болар еді	29%
		Жоқ, тапсырмалар қосымша уақытты талап етеді.	3%
		Жоқ, интернетте көп отыруды қажет етеді.	16%
		Иә, себебі оқу үдерісінде ойын элементтерін пайдалану арқылы, тақырыпты жақсы түсінуге болады.	43%

Эксперимент нәтижесінде 9 «б» сыныбы сабаққа қатысу белсенділігі мен ынтасының жоғары деңгейін көрсетті. Эксперимент нәтижесін оқушылар арасында жүргізілген сауалнама да растады. Оқушылар дәстүрлі оқытудың ойын элементтермен бірігуі сабақты қызықты әрі түсінікті, ақпаратты тез әрі жақсы қабылдауға көмектескенін атап өтті.

### Ұсыныстар

Физика пәнін оқытуда ойын технологиясын сәтті енгізу мұғалімнің шеберлігін, ізденімпаздығын, шығармашыл болуын талап етеді. Кез-келген жаңа технологияны оқу үдерісіне енгізу мұғалімнің де, оқушының да шыдамдылығын қажет етеді. Оқу үдерісінде ең алдымен қарапайым қадамдардан бастап, ойын технологиясына біртіндеп көшуді жоспарлау қажет.

Физика пәнін оқытуда ойын технологиясын қолдану арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру мен танымдық қабілеттерін дамыту мақсатында келесі ұсыныстарды қарастыруға болады:

*Сайыс және викториналар.* Оқушылар арасында физика заңдарын қамтитын викториналар ұйымдастырыңыз. Бұл бәсекелестік элементі арқылы білімдерін бекітуге мүмкіндік береді.

*Рөлдік ойындар.* Оқушыларды топтарға бөліп, физика құбылыстарын (мысалы, жылдамдық, үдеу) рөлдік ойын арқылы көрсетуге мүмкіндік беріңіз. Бұл тәжірибелер шынайы өмірмен байланыстырып, түсініктерін тереңдетеді.





*Симуляциялар мен виртуалды ойындар.* Онлайн платформалардағы симуляцияларды қолданып, оқушылардың қозғалысқа қатысты эксперименттер жүргізуіне мүмкіндік беріңіз. Мысалы, қозғалыс жолын, жылдамдықты өзгерту әсерлерін зерттеу.

*Квест-ойындар.* Физика пәніне негізделген квест ұйымдастырыңыз. Оқушыларға нақты физикалық тапсырмалар беріп, шешу жолдарын табуды талап етіңіз.

*Проблемалық сценарийлер.* Оқушыларға нақты өмірден алынған ситуациялар беріңіз, оларды шешу үшін кинематика заңдарын қолдануды талап етіңіз. Мысалы, автомобильдің қозғалысы немесе спорттық жарыстар.

*Креативті жобалар.* Оқушыларды топтап, өз жобаларын жасауға шақырыңыз. Мысалы, кинематикаға негізделген ойын немесе модель жасау. Бұл шығармашылық қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді.

*Цифрлық платформалар.* Мобильді қосымшалар мен интерактивті платформаларды пайдалану арқылы оқушылардың тәжірибесін байытыңыз. Мысалы, физикалық қозғалыс заңдарын зерттеуге арналған қосымшалар. Цифрлық платформаларды жиі қолданыңыз, оқушының күнделікті ғаламтор желісін тиімді пайдалануға көмек бересіз.

*Кері байланыс.* Сабақ соңында ойын барысында алынған білімдері туралы талқылау ұйымдастырыңыз. Оқушылардың пікірлері мен ұсыныстары сабақтың сапасын арттыруға көмектеседі.

Осы ұсыныстарды қолдана отырып, физика пәнін оқытуда ойын технологияларын тиімді пайдаланып, оқушылардың ынтасын арттырып, білім алу процессін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік аласыз.

### **Қорытынды**

Әдістеменің негізгі мақсаты – дәстүрлі оқу үдерісіне өзгеріс ендіре алатын, сондай - ақ цифрлық және оқушыларға қызықты ететін заманауи әдістерді ұсыну. Әдістеме Kahoot, Learning Apps, Quizizz қосымшаларын және ойын элементтерін тиімді пайдалануды қамтиды.

Физика пәнін оқыту үдерісінде ойын технологиясына негіздеп оқыту әдісі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға, материалды тереңірек түсінуге және есте сақтауға ықпал етеді. Бұл әдістің қорытындысы ретінде бірнеше маңызды аспектілерді атап өтуге болады:

**Мотивацияның артуы:** Оқушылар физикаға қызығушылық танытып, сабақтарға белсенді қатысады. Ойын элементтері күрделі теориялық материалдарды жеңілдетіп, оқуға деген ынтаны күшейтеді.

**Жаңаша көзқарас:** Ойын технологиялары оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, сыни ойлау дағдыларын жетілдіреді. Олар тек дайын ақпаратты қабылдап қана қоймай, оны қолдану арқылы тәжірибе жасайды.

**Командалық жұмыс:** Ойындар көбінесе топтық әрекеттерге негізделгендіктен, оқушылар бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыс істеуге, бірлесіп шешім қабылдауға үйренеді.

**Теорияны тәжірибемен ұштастыру:** Ойын элементтері арқылы физика заңдылықтарын өмірдегі нақты мысалдармен байланыстыра отырып, теорияны тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.

**Оқу үдерісінің тиімділігі:** Ойын технологиясы білім алушылардың белсенді қатысуы арқылы ақпаратты есте сақтау қабілетін арттырады, бұл әсіресе физика пәніндегі күрделі түсініктерді меңгеруде маңызды.

2024 жылғы президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдауында цифрлық білім саласына да ерекше көңіл бөлінді. Ол елдегі білім беру жүйесін жетілдірудің бір негізгі бағыты ретінде цифрландыруды атап өтті. Тоқаев білім берудің қолжетімділігін арттыру және сапасын жақсарту үшін IT-технологияларды кеңінен қолдану қажеттігін атап өтті. Ойын түрлері әртүрлі қосымшаларда ұйымдастырылғандықтан оқушының цифрлық білімінің дамуына да көмектеседі.



Қорытындылай келе, физиканы ойын технологиялары арқылы оқыту – білім алушылардың пәнді тереңірек түсіну, пәнге деген қызығушылықтың артуы, сабақ барысында белсенділік таныту дағдыларын және оқу нәтижелерінің жақсаруын қамтамасыз ететін тиімді әдіс деп санаймыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Әлімбаева Г.Ә. Физика пәнін халықтық педагогика тағылымдарымен байланыстыра отырып оқыту /Оқу құралы/. -А., «Литера», 2001.
2. Уровни функциональной естественнонаучной грамотности учащихся и их диагностика при изучении физики //В.М.Кротов
3. Снежко,М.Я. Некоторые вопросы методики изучения основ электродинамики в средней школе: Автореферат дис. на соискание ученой степени кандидата педагогических наук. (732) / Моск. гос. пед. ин-т им. В. И. Ленина. – Москва
4. Физика сабағында ойын элементтерін тиімді пайдалану арқылы коммуникативті құзыреттіліктерді дамыту / Утельбекова А.Б. (stud.kz)
5. Использование инновационных и дистанционных технологий в учебном процессе высшей школы // Александр Владимирович Мирошниченко, Иван Николаевич Алексеенко, Эвелина Николаевна Гаглоева (2020)
6. Smart technologies in the process of preparing future teachers,Nurmukhamedova D.Akramova L.Buriev I.Abdullaev A.Khonimkulova F.See fewer Journal of Hunan University Natural Sciences (2021)
7. Қожабаева Жеткерген Ерғалиқызы, Физиканы оқытуда шығармашылық және танымдық дағдыларды дамыту барысында ТРИЗ тапсырмаларын қолдану
8. Гильфанова Ю.И. Г47 Цифровые технологии на уроках физики и информатики: учеб.-метод. пособие. – Чебоксары: ИД «Среда», 2020. – 116 с.
- 9.Перевалова Виктория Владиленовна, Использование игровых технологий на уроках физики в основной школе (xn--j1ahfl.xn--p1ai)
- 10.Шахламазова Айида Будаховна Проект урока с использованием игровой технологии (turbopages.org)

## **Мектеп физика курсында STEM технологиясын қолданып оқушылардың танымдық қабілетін дамыту әдістемесі**

**Құлымбет Гаухар Нұраліқызы**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Физика БББ 2-курс магистранты, Түркістан қ.*

**Ғылыми жетекшісі:**

**Усембаева Индира Бакытовна**

*PhD, Физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры,*

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.*

**Аңдатпа.** Мақалада қазіргі білім берудің өзекті мәселелерінің бірі – жалпы білім беретін мектепте оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған STEM технологиясын қолдану қарастырылды. Авторлар мектеп физика курсындағы "Жарық құбылыстары" тарауын оқытуда STEM технологияларын қолдану оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді әдістемені ұсынады. Жарықтың қасиеттерін зерттеу, оның таралуы, шағылуы және сынуы секілді құбылыстарды тереңірек түсіндіру үшін жобалық оқыту, зертханалық тәжірибелер және интерактивті симуляциялар



қолданылады. Ойын элементтері мен командалық жұмыстар арқылы оқушылардың ынтымақтастық дағдылары дамиды. STEM технологияларының интеграциясы нәтижесінде оқушылардың физикаға деген қызығушылығы артып, олардың ғылыми көзқарастары қалыптасады, бұл болашақта ғылыми білімді тереңдетуге және шығармашылық шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

**Түйінді сөздер:** STEM технологиясы, танымдық қабілет, жарық құбылыстары, технология, тәжірибе.

### Кіріспе

Қазіргі таңда мектептердің алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі – ол білім алушылардың оқу жетістіктерін және білім сапасын арттыру. Білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жаңа білім беру саясатын іске асыру үшін оқу бағдарламасына жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық үлгілеуді дамытуға бағытталған STEM–элементтерді енгізу жоспарланды [1].

Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту қазіргі білім берудің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Физика осы қабілеттерді қалыптастыру мен жетілдіруге кең мүмкіндіктер беретін пән ретінде бұл процесте ерекше рөл атқарады.

Танымдық қабілеттер физиканың сәтті дамуында шешуші рөл атқарады, аналитикалық ойлауды, есептерді шешуді және күрделі ұғымдарды түсінуді қажет ететін пән. Оқушыларда осы қабілеттерді дамытудың педагогикалық негіздері физиканы тиімді оқытудың негізі болып табылады [2].

Шет ел ғалымдары Гарнаева Г. Шигапова Е.Д. Низамова Е.И өз мақалаларында физиканы оқыту барысында оқушылардың интеллектуалдық және танымдық қызығушылықтарын дамыту міндеттерін шешу үшін, дайын білімді беру емес, қоршаған әлемді ғылыми тану әдістерімен танысуға, оқушылардан оларды шешу бойынша өзіндік жұмысты талап ететін мәселелерді қоюға баса назар аудару керек екеніне атап өтті [3].

Еліміздің белгілі ғалымдар Г Ахметова, А Мурзалинова АҚШ еліне іссапар нәтижесінде жарық көрген мақалаларында «STEM білім берудің мақсаты оқушылардың білу және істей алу қабілеттерін жетілдіру, зерттеушілік және шығармашылық ойларын жетілдіру» деп тұжырымдаған [4]. Сонымен қатар Л.У.Жадраева мен Д.Е.Куатбаеваның мақаласында физика сабақтарында STEM білім берудің тиімділігін және STEM технологиясының артықшылықтарын қарастырған [5].

STEM әдістемелік жаңа технологияларды және білімді қолдану арқылы оқушыларға жаңа білім беру мүмкіндігін береді. Қазіргі таңда оқу орындарында заманауи білім беру тәсілдері қолданылуда, сол тәсілдің бірі әрі бірегейі — STEM әдісі. Әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, бұл әдіс тың жаратылыстану бағыттарын оқытуда білім алушыларға кең, әрі терең білім беру мақсатында қолданылатын пәнаралық тәсіл екендігін білеміз. Физиканы оқытуда STEM технологияларын енгізу оқу материалы мен нақты қолданбалар арасында көпір жасайды.

STEM әдісін енгізу бойынша Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әдістемелік нұсқаулықтар ұсынса, министрлік тарапынан мектеп және жоғары оқу орындарында STEM-кабинеттер, зертханалар жасақталып жатыр, бұл STEM бағытының даму деңгейінде екендігін көрсетеді. Осы әдістемелік пікірлерді және құралдарды қолдану арқылы оқушылар ғылыми зерттеулерді жасау, ой-салыстыру, жаңа технологияларды үйрену және оларды өзінің мәселелерін шешу үшін қолдана алады [6].

### Әдістеме

Физика пәні бойынша білімді сапалы түрде қалыптастырудың маңызды факторларының бірі – сабақ үстінде оқушылардың білімге деген танымдық қызығушылығын арттыру. Бұл тұрғыда пәнге қызығушылықты қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және оқушылардың танымдық белсенділігінің деңгейін арттыруға ықпал ететін мұғалімнің жұмыс әдістері маңызды болып табылады.



Оқушылардың физикаға танымдық қызығушылығын қалыптастыру да маңызды аспект болып табылады. Бұл сабақтардағы белсенділікті арттыруға ғана емес, сонымен қатар ілімнің жағымды мотивтерін, белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыруға және жоғары адамгершілік тұлғаны дамытуға көмектеседі.

STEM – технологиялардың теориялық мәселелерін қарастыруда қазіргі заманғы білім беру жүйесінде шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал жасайтын, тиімді технология болып табылады. STEM бұл оқытудың біріктірілген тәсілі. Сондықтан да STEM технологиясы білім алушылардың жеке қасиеттерін ашу арқылы ойлау дағдыларын қалыптастырып, танымдық белсенділіктері мен шығармашылық қабілеттерін дамытады. STEM-технологиясын пайдаланып оқыту оқушылардың жобалық дағдыларын дамытудың және физика пәніне деген құштарлықты арттырудың күшті құралы бола алады [7].

Қазіргі STEM-технологиясын мектеп физика курсына қолдану бірнеше мақсатпен жасалады:

Жаңа сабаққа оқушылардың көңілін аудару: STEM-технологиясы мектеп физика курсына оқушыларға модерн технологияларды қолдануға мүмкіндік береді. Олар оқудың қызығушы жағын танытады және оқу процесін дамыту үшін жаңа құрылымдарды, өздерінің технологияларға тән болуына қолайлы болса, оқуына көмекші болады.

Технологияларды қолдану арқылы практикалық тәжірибе: STEM-технологиясының қолдануы мектеп физика курсына оқушыларға теориялық білімнің өтілуінен кейін жиынтығында технологияларды қолдану үшін мүмкіндік береді. Олар өз жасақтамаларын жасау, тесттер жасау, арнайы тәжірибелер өткізу арқылы физикалық көзінің ақпараттық жаңартуларын жүзеге асырады [8].

Физиканы оқытуда STEM технологиясын қолданудың тағы бір аспектісі – оқушыларды жобалық қызметке белсенді тарту. Олар командаларда жұмыс істей алады, өз құрылғыларын жобалап, құрастыра алады, эксперименттер жүргізе алады және нәтижелерін ұсына алады. Бұл тәсіл оқушылардың шығармашылық ойлауын, проблемалық шешімін және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Мектеп физика курсына «Жарық құбылыстары» тарауын STEM технологиялары арқылы оқыту оқушылардың ғылыми түсініктерін тереңдетіп, практикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын арттыру үшін «Жарық құбылыстары» тарауын оқытуда төмендегі әдістерді қолдансақ болады:

- **Жобалық жұмыстар:** Оқушылар топтарға бөлініп, жарықтың қасиеттерін зерттеу үшін эксперименттік жобалар құрастырады.

- **Интерактивті эксперименттер:** Оқушылар түрлі эксперименттер өткізеді, мысалы, жарықтың сыну және шағылу заңдарын зерттеу.

- **Симуляциялар:** Виртуалды платформаларда жарықтың таралуын, линзалардың және айнадағы суреттердің қалыптасуын модельдеу.

- **Кросс-дисциплинарлық сабақтар:** Оптика мен математика арасындағы байланысты көрсету үшін геометриялық оптика мәселелерін шешу.

Осы әдістемелер оқушылардың логикалық ойлау, шығармашылық және зерттеу дағдыларын дамыта отырып, физика пәніне қызығушылықтарын арттырады [9].

Негізгі принциптердің бірі – әр оқушының жеке қабілеттерін ескеретін дифференциалды оқыту тәсілі. Бұл мұғалімге дарынды балалармен жұмыс істеуге, олардың әлеуетін анықтауға және дамытуға мүмкіндік береді, бұл қазіргі білім беру ортасындағы басты міндет. Оқушылардың танымдық қабілеттерін тиімді дамыту үшін оқу процесінде проблемалық жағдайлар жасау қажет. Мұндай мәселелерді шешу оқушылардың жаңа білім іздеуге, жаңа құбылыстар мен зерттеу әдістерін табуға итермелейді, бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Физиканы оқытуда STEM технологиясын қолданудың тағы бір аспектісі – оқушыларды жобалық қызметке белсенді тарту. Олар командаларда жұмыс істей алады, өз құрылғыларын жобалап, құрастыра алады, эксперименттер жүргізе алады және нәтижелерін



ұсына алады. Бұл тәсіл оқушылардың шығармашылық ойлауын, проблемалық шешімін және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі.

### Практикада қолдану

Мектеп физика курсына STEM технологиясын пайдаланудың тиімділігін анықтау үшін сабақтан тыс үйірме сабағы ұйымдастырылып екі бақылау сыныбы алынды. Эксперимент жүргізуге 8 «а» және 8 «ә» сыныптары алынды. 8 «а» сыныбы дәстүрлі оқыту әдісі пайдаланып сабақ өткізілді. 8 «ә» сыныбы STEM технологиясын пайдаланып сабақ өткізілді. Эксперимент екі айға созылып, сабақ соңында екі сынып оқушыларының материалды меңгеру деңгейлері мен сабаққа қатысу белсенділіктері анықталды.

8 «а» сыныбы дәстүрлі оқыту әдісі жүргізілді: мұғалімнің түсіндіруі, кітаптағы теорияларды меңгеру, жазбаша жұмыстар, есептер шығарылды. 8 «ә» сыныбы STEM технологиясын пайдаланып сабақ жүргізілді: Blender3D бағдарламасында құрылғыларды компьютерлік модельдеу, басқа пәндермен пәнаралық байланыс орнату, зертханалық жұмыстарды виртуалды платформаларда пайдаланып орындайды және демонстрациялық тәжірибелер жүргізілді.

Сабақтың тақырыбы: Жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты: 8.5.1.6 – жазық параллель пластинада сәуленің жолын салу; 8.5.1.7 – жарықтың сыну заңын пайдаланып есептер шығару [10].

Сабақта демонстрациялық тәжірибелер көрсетіліп, лазер және линзаның көмегімен жарықтың сыну заңына есептер шығарылды (1-сурет).



Сурет 1 - Шынының сыну көрсеткішін анықтау

Демонстрациялық тәжірибелер жылу құбылыстары бөлімінде оқушылардың танымдық қабілеттерін арттыруға, олардың эксперименттік дағдыларын дамытуға және ғылымға қызығушылықтарын оятуға мүмкіндік береді.

Келесі сабақ зертханалық жұмыс. «Жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау»

Зертханалық жұмысты орындау үшін біз виртуалды Vascak бағдарламасы пайдаландық (2-сурет). Бұл оқушылардың жеке тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді.



Сурет 2 - Фокустық қашықтық анықтау



Vascak бағдарламасы физика пәнінде жылу құбылыстарын визуализациялау мен симуляциялау үшін тиімді құрал болып табылады. Бұл бағдарлама оқушылардың түсініктерін тереңдетуге, эксперимент жүргізу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Келесі сабақта оптикалық аспаптар, бұл сабақта қарапайым оптикалық аспаптарды құрастыруда 3D бағдарламаларды қолданды. Оқушылар Blender3D бағдарламасын пайдаланып телескоп құрылғысын құрастырды (3-сурет). Blender3D бағдарламасында телескоп моделдеу - бұл физика сабағын интерактивті және қызықты ету үшін тамаша әдіс. Телескоптың негізгі құрылымын, құрамдас бөліктерін (линзалар, айна, трубка) зерттеулер жүргізді.



Сурет 3 - Blender3D бағдарламасын телескоп 3D модельдеу

Blender3D бағдарламасында телескопты моделдеу оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, физиканың оптика саласын тереңірек түсінуге және командада жұмыс істеу дағдыларын арттыруға мүмкіндік береді.

Эксперимент соңында екі сыныптаңда оқу үлгерімдерін білу мақсатында тест алныды. Нәтижесінде STEM технологиясын пайдаланып оқытылған сынып жоғары нәтиже көрсетті, және танымдық қабілеттері мен шығармашылық дағдылары арта бастады. STEM технолгиясын пайдаланып оқытудың тиімділігін анықтау үшін оқушылар арасында сауалнама жүргізілді, және нәтижелері 1-кестеде көрсетілді:

Кесте 1 - STEM технолгиясын пайдаланып оқытудың тиімділігін анықтау үшін оқушылардан алынған сауалнама нәтижелері

№	Сауалнама сұрақтары	Жауап нұсқалары	Нәтижесі
1	Сіз «STEM» түсінігімен таныссызба?	Иә өте жақсы білемін	60%
		Иә кішкене хабарым бар	40%
2	Сізге сабақта 3D бағдарламаларды пайдаланып құрылғыларды модельдеу ұнайдыма?	Көп уақыт алады	25%
		Иә ұнайды	75%
3	Сабақты түсіндіргенде демонстрациялық тәжірибелерді пайдаланған тиімдіме?	Сабақ түсінікті болады	90%
		Көп уақыт алады	10%
4	Зертханалық жұмыстарды орындау үшін виртуалды зерханаларды қолданған ұнайдыма?	Иә ұнайды	100%
		Жоқ қызықты емес	
5	Сіз физика сабағында басқа пәндердің білімдерін қолданған кезіңіз болдыма?	Иә жиі қолданамын	60%
		Кейде қолданамын	30%
		Мүлде қолданбаймын	10%
6	STEM технологиясын пайдаланып оқытуды қолдайсызба?	Иә	100%
		Жоқ	

Эксперимент нәтижесінде оқушылардың шығармашылық дағдылары дамып, танымдық қабілеттері арта түсті. Сабаққа деген қызығушылықтары артып, материалдарды

менгеру деңгейлері көтерілді. Физика сабағында STEM технологиясын қолданып оқыту тиімді екенін көрсетті.

### Ұсыныстар

Физика пәні оқушылардың танымдық қабілеттерді қалыптастыру мен жетілдіруге кең мүмкіндіктер беретін пән ретінде ерекше рөл атқарады. Мектеп физика курсына "Жарық құбылыстары" тарауын оқытуда STEM технологияларын қолдану сабақ түсінікті әрі қызықты өтуге тиімді әдіс болып табылады. Сабақ кезінде оқушыларға жарықтың түрлі құбылыстарын зерттейтін жобалар дайындауды тапсырыңыз. Топтар өз тәжірибелерін жасап, нәтижелерін сыныпта ұсыну арқылы білімдерін бекітеді. Жарықтың шағылу және сыну заңдарын зерттеу үшін нақты тәжірибелер ұйымдастырыңыз. Оқушылар оптикалық құралдарды пайдаланып, өздері эксперимент жүргізеді. Виртуалды зертханалар мен симуляцияларды пайдалану арқылы жарықтың таралуын визуализациялаңыз. Оқушылар экспериментті қауіпсіз жағдайда жүргізіп, нәтижелерін талдай алады. Физикалық ұғымдарды түсінуге арналған викториналар мен ойындарды енгізу арқылы сабақтың қызығушылығын арттырыңыз. Бұл оқушылардың бәсекелестік рухын дамытады.

Осы ұсыныстарды ескере отырып, STEM технологияларын тиімді пайдалану арқылы «Жарық құбылыстары» тақырыбын оқыту сапасын арттыруға, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға және физика пәніне деген қызығушылықты оятуға ықпал ете аласыз.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, мектеп физика курсына STEM технологияларын пайдаланып "Жарық құбылыстары" бөлімін оқыту оқушылардың танымдық қабілетін арттыруда маңызды рөл атқарады. Бұл әдіс білім беру процесіне жаңа, интерактивті және практикалық элементтер енгізе отырып, оқушылардың қызығушылығын оятып, түсініктерін тереңдетеді.

1. Танымдық белсенділік: STEM тәсілі оқушыларды проблемаларды шешуге, зерттеулер жүргізуге және эксперименттер жасауда белсенділік танытуға ынталандырады. Олардың өз бетінше ойлау, талдау және эксперимент жасау қабілеттері артады.

2. Теория мен практиканың үйлесімділігі: Оқушылар теориялық білімдерін практикалық жұмыстарда қолдана отырып, білімдерін нақты өмірмен байланыстырады. Бұл, әсіресе, жарықтың түрлі құбылыстарын түсінуге көмектеседі.

3. Критикалық ойлау: Оқушылар күрделі сұрақтарға жауап табуға, өз пікірлерін негіздеуге және ғылыми әдістерді қолдануға үйренеді. Бұл дағдылар олардың жалпы білім алу процесінде маңызды.

4. Креативтілік: Жарық құбылыстарын зерттеу кезінде оқушылар шығармашылықпен айналысуға, жаңа идеяларды жүзеге асыруға ынталанады.

Мектеп физика курсына STEM технологияларын "Жарық құбылыстары" бөлімінде қолдану оқушылардың танымдық қабілетін арттыруға, ғылымға деген қызығушылығын оятуға және заманауи білім беру талаптарына сай білім алуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл болашақта инновациялық ойлауға ие, сыни тұрғыдан қабылдай алатын жеке тұлғаларды тәрбиелеуге көмектеседі.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 ж

2. Захарова О.Г. Определение понятия «креативность» в научной литературе. 2020г;

3. Нефедьев Л.А. Гарнаева Г.И. Низамова Э.И. Шигапова Э.Д. «Цифровизация физического эксперимента при подготовке физиков педагогического» 2021г;

4. Г.Ахметова, А.Мурзалинова. «Преимущества и перспективы STEM-образования» // «Білімді ел — Образованная страна» №41 (102) 7 ноября 2017 г;

5. Л.У. Жадраева, Д.Е. Куатбаева «Преподавание школьной физики в условиях stem образования» вестник КАЗНПУ им. Абая, серия «Физико-математические науки», №1(69), 2020 г;



6. Stem-технология негізінде орта білім беру мазмұнын қайта құрылымдау бойынша әдістемелік ұсынымдар. Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022ж;
7. <https://egemen.kz/article/260885-stem---bilim-berudegi-tynh-baghyt-dganha-trend>;
8. Применение STEM-технологий при разработке интерактивных web приложений Синюгина О.О., Беляева И.Н., Величко М.А. 2021ж;
9. «STEM білім беруді ұйымдастырудың негізгі тәсілдері». А.Бакыт. «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалы;
10. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.

## **Инженерлік физика элементтері бойынша мобильді қосымшалардың оқу үдерісіндегі тиімділігін бағалау**

**Тұрдалы Айдана Лескенқызы**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Физика БББ 2-курс магистранты, Түркістан қ.*

**Ғылыми жетекшісі:**

**Раманкулов Шерзод Жумадуллаевич**

*PhD, Физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.*

**Андатпа:** Мақалада инженерлік физика элементтері бойынша мобильді қосымшалардың оқу үдерісіндегі тиімділігі қарастырылған. Мобильді қосымшалардың түрлері мен қызметтері ұсынылған. Мобильді қосымшаны әзірлеу үдерісі көрсетілген. Мобильді қосымшаларды инженерлік физика элементтерін оқыту үдерісіндегі технологиялық мүмкіндіктері анықталды. Physics Toolbox Sensor Suite арқылы «Қозғалыс заңдарын зерттеу» тақырыбы эксперименттер жүргізілді, нәтижесі алынды.

**Түйін сөздер:** физика, қозғалыс заңдары, мобильді қосымша, Physics Toolbox Sensor Suite, акселерометр, смартфон

Еліміздің «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша мобильді инфрақұрылым жүйесін (5G, 4G желісі) жеделдетіп дамытуға жоспар дайындалды. Цифрлық технологиялар қазіргі таңдағы білім беру жүйесінде оңтайландыру мен дамытуды жүзеге асыратын маңызды құрал болуда. Ақпараттар ғасырында адамдардың сыни ойлап, дұрыс көзқарастар қалыптастыра алуы - әр маман иесіне қойылатын жаңа талаптардың бірі. Талаптардың басым бөлігі білім саласына қатысты. Жаңарған білім беру мазмұнында технологиялық-педагогикалық шаралар аясы кеңеюде. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде көптеген өзгешеліктер енгізілуде. Дәстүрлі оқыту жүйесі электронды оқытуға, ал ол өз кезегінде мобильді оқыту жүйесіне ауысты.

Мобильді оқытудың тиімділігі - жүйенің бір ортаға топтастырылуында.

Білім алушылар кез-келген мақсатта мобильді құрылғыларды (ұялы телефондар, смартфондар, планшеттер) пайдаланады. Бір мезгілде білім алушылар бір ұялы телефоннан бүкіл әлем бойынша ақпаратқа қол жеткізе алады, мысалы, кітапхана деректерді іздеу мүмкіндігі. Осы мақсаттар үшін ұялы телефондарды пайдалануға болады, ал мобильді құрылғыларды пайдалану арқылы оқыту мобильді оқыту деп аталады.

Мобильді оқыту - білім берудің жаңа саласы. Мобильді білім беру мазмұнына бірнеше талаптар қойылады, оларды мобильді білім беру мазмұны деп атайды. Қол





жетімділік - мобильді білім беру мазмұнына орналасқан жеріне қарамастан кез келген жерден қол жеткізуге болады. Ұялы байланыстың барынша қамтылуы және мобильді құрылғылардың қолжетімділігі оқушыларға ыңғайлы және кез келген уақытта мобильді оқыту қызметтерін кеңінен таратуды қамтамасыз етеді [1].

Мобильді технология оқу нәтижелерін бағалау процесін жылдамдатады және білім алушылар мен оқытушыларға олардың үлгерімін тезірек бақылауға мүмкіндік береді.

Мобильді оқыту - теориялық емес, нақты мүмкіндік. Білім алушылар мен мұғалімдер мобильді құрылғыларды әртүрлі білім беру ресурстарына қол жеткізу, ақпаратты талқылау, қолдау алу және тиімді қарым-қатынас жасау үшін пайдалана алады [2].

Litmos, LearningCart, Saba және Blackboard Mobile Learn (moodle мобильді нұсқасы) сияқты мобильді оқытуды басқару жүйесі (мобильді курстарды әзірлеу платформасы) арқылы мобильді оқытуды ұйымдастырады. Оқытуда мобильді құрылғыны пайдаланудың тағы бір жолы – мобильді қосымшаны пайдалану.

Мобильді қосымшаларды әзірлеу ақпараттық технологиялар саласындағы ең танымал іс-әрекеттердің бірі болып табылады. Мобильді қосымшаларды құрастыру тұтынушылық қажеттілікті алдын ала орындауға мүмкіндігі бар шешімі қолданушыға белгісіз алгоритмдер мен тапсырмаларды орындауға негізделген.

Мобильді қосымша - белгілі бір тұтынушылар тобына арналып құрастырылып, олардың қандай да бір мәселелері мен қиындығын шешуге бағытталған.

Мобильді қосымша - нақты платформаға орнатылған, белгілі бір әрекеттерді шешуге болатын функционалдығы бар арнайы бағдарлама. Бұл әртүрлі ақпаратпен өзара әрекеттесуге көмектесетін жүйенің бір түрі. Осыған байланысты мобильді қосымшалар мынадай түрлерге жіктеледі (Кесте 1).


Кесте 1 - Мобильді қосымшалардың түрлері

<b>Мобильді қосымшалардың түрлері</b>	<b>Қызметтері</b>
<i>Іс-шара қосымшасы</i>	- әртүрлі іс-шараларды көрсетуге мүмкіндік береді, мысалы, спорттық, мәдени, білім-ғылымға қатысты орын алған іс-шараның көрсетілімі және т.б.
<i>Қызмет көрсету қосымшасы</i>	-ұйымдардың қызметін көрсететін сайттарға ұқсас сервистік қосымшалар -үйретуге, дамытуға арналған әртүрлі ойындарға арналған қосымшалар -онлайн режимде сатылым жасауға арналған интернет дүкендер
<i>Промо-қосымшалар</i>	-әртүрлі брендтерді жарнамалауға қолданылатын қосымшалар
<i>Бизнес-қосымша</i>	-ұйымның үдерісін оңтайландыруға, бизнес ақпаратқа қол жетімділікті қамтамасыз етуге және деректер базасымен біріктіруге мүмкіндік береді
<i>Жүйелік қосымша</i>	-телефон мен оның бағдарламалық жасақтамасы үшін кеңейтілген параметрлер мен опцияларды пайдалану
<i>Іздеу қызметтері бар қосымша</i>	-телефонды толық навигатор ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін GPS модулін пайдалану
<i>Мультимедиялық бағдарламаладағы қосымшалар</i>	-бейне және аудио ақпаратпен жұмыс істеу кезінде телефонның мүмкіндігін кеңейту
<i>Ұйымдастырушы қосымшалар</i>	-әлеуметтік желілер, байланыс үшін онлайн қызметтер, ақпарат таратуы және әлеуметтік қатынастарды



	реттеу
Контенттік қосымшалар	-білім беру саласында арнайы тақырыптарға негізделген қосымшалар

Әрбір құрастырылатын мобильді қосымшалардың қолданылу ортасы мен пайдалану мақсатында әртүрлі үнемі өзгеріп отырады, бірақ бұл мобильді қосымшаларды әзірлеу мен бағдарламалау кезіндегі үдеріс стандартты жүреді. Мобильді қосымшаларды әзірлеу процесін шиыршықталған түрде бейнелеуге болады (Сурет 1).



Сурет 1 - Мобильді қосымшаны әзірлеу үдерісі

Сонымен қатар, мобильді қосымшаларды бағдарламау кезінде *Front-end* және *Back-end* жобалау жүйесін қолдану тиімділігі жоғары болады [3].

*Front-end жобалау* - бұл тұтынушы өніміне қосымшаны жобалау.

Басқаша айтқанда, бұл пайдаланушы мен сервердің қосымша арасындағы интерфейсін құрастыру. Ол пайдаланушының қандай да бір деректерді енгізуін, сондай-ақ оның бастапқы өндеуін және тиісті API (application programming interface-қосымшаны бағдарламалау интерфейсi) арқылы серверге жіберуді жүзеге асырады.

*Back-end жобалау* - бұл пайдаланушылардың немесе ресурстардың арасында деректерді беру үшін жауап беретін қосымшаның сервер жағынан дамуы. Төменде кодты жазуды бастамас ескеру қажет:

- Бағдарламалау тілдері - API жасау үшін қолдануға болатын ондаған бағдарламалау тілдерін қолдану. Ең жиі қолданылатын тілдер *Java*, *C#*, *Javascript*, *PHP* және *Python*.

- Мәліметтер қоры - қазіргі заманғы дерекқорлардың екі негізгі түрі бар.

*SQL* және *noSQL*. *SQL* барлық жағдайларда дәстүрлі және жақсы таңдау ретінде саналады. Жалпы *SQL* нұсқаларын *MSSQL*, *MYSQL* және *PostgreSQL* қамтиды.

- Хостинг ортасы (инфрақұрылым) - бұл қадамда API және дерекқордың қайда және қалай орналастырылатынын шешу қажет. Мұнда қабылданған шешімдер хостинг шығындарын, масштабталуын, орындалуын және өтінімінің сенімділігін анықтауға көмектеседі. Жалпы хостинг- провайдерлерге *Amazon AWS* және *Rackspace* кіреді. Провайдерді таңдаудан тыс, жүйенің қаншалықты кеңейтілетінін жоспарлау қажет. Бұлтқа негізделген шешімдер ресурстарды пайдалы деп санап, қажет болғанда жоғары және төмен қарай ауқымды түрде төлеуге мүмкіндік береді. Олар сондай-ақ дерекқор сақтық көшірмелерін, сервердің жұмыс уақытын және операциялық жүйенің жаңартуларын жасауға

көмектеседі [4].

Мұндай қосымшаларда өзіне тән құралдары мен бағдарламалау тілдері бар. Мысалы, *Android* операциялық жүйесіне арналған бағдарлама жазу үшін көбіне *Android Studio*, *Java* тілі қолданылады, ал *iOS* үшін *Xcode* және *Objective-C*, сонымен қатар соңғы кезде көп танымалдыққа ие болып келе жатқан *Swift* қолданылады, *Windows Phone* үшін *Visual Studio* және *C#* программалау тілдері қолданылады.

Кейде бірнеше платформада жұмыс жасауға мүмкіндігі бар, *native* қосымшалардан бөлек қысқа мерзімде қосымша құруға тура келетін жағдайлар болады. Мұндай кезде, гибриді немесе веб- қосымшалар таңдалынады, ал құрастыру үшін кроссплатформалы мобильді фреймворктар қолданылады [4].

*Веб-қосымшаларды* сайттың мобильді нұсқасы деп атауға болады, мұндай қосымшалардың кеңейтілген интерфейсі бар. Бұлар арнайы орында орналаспайды, тек браузер жұмысы үшін қолданылады. Осындай қосымшалардың жұмыс жылдамдығы ғаламтор байланысына тәуелді, сонымен қатар, жылдам құрастырылуы мен төмен бағаға ие. Кросс платформалы болып саналатын стандартты мынадай веб-технологиялар қолданылады: *HTML5*, *JavaScript* және *CSS*.

Мобильді қосымша – бұл әртүрлі іс-әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін белгілі бір мүмкіндіктері бар белгілі бір платформада орнатылған қолданба. Әрбір мобильді қосымшаның өз қызметтерін ұсынатын өзіндік ерекшеліктері бар. Мобильді білім беру қосымшаларының маңыздылығы олардың жаңа технологиялар тұрғысынан қол жетімділігі мен тартымдылығына байланысты ғана емес, сонымен қатар олар ұсынатын мүмкіндіктерге байланысты артады. Оқушылардың тапсырмаларды бірлесіп орындауға және мектептен тыс оқуын жалғастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, мобильді қосымшаларды инженерлік физиканы оқыту үдерсінде қолдану тиімділігі зор.

Инженерлік физика – бұл ғылым техникалық ғылымдарда қолданылатын негізгі принциптерді, заңдар мен технологияларды зерттейтін. Бұл ғылым физика, математика, химия, электротехника және т.б. сияқты әртүрлі салалардағы білімді біріктіреді.

Инженерлік физика элементтеріне механика, электр және магнетизм, оптика, термодинамика және кванттық механика сияқты тақырыптар кіреді. Осы салалардың әрқайсысы жаңа технологиялар мен инновациялық шешімдерді әзірлеуде маңызды рөл атқаратын негізгі ұғымдар мен формулаларды зерттейді [5].

Соңғы уақытта смартфон, ұялы телефон және жеке цифрлық көмекші (Pda) сияқты ұялы телефондар қосылуға және кейбір басқа интернет қосымшаларына мүмкіндік беретін әр түрлі қосымшаларға мүмкіндік беретін функциялармен құрастырылған.

Мобильді оқытудың негізгі міндеті - ақпаратты жинау құрылымын әзірлеу. Білім алушылар арасында оқу әдісін жетілдіруге арналған көптеген қосымшалар, сондай-ақ оқыту үдерісін қызықты ету үшін оқыту стратегиялары жасалған.

Мобильді қосымшаларды инженерлік физика элементтерін оқыту үдерісіндегі технологиялық мүмкіндіктері анықталды:

- *Қолжетімділік*. Смартфондар мен планшеттер қазір барлық оқушыларға қолжетімді. Сондықтан қосымша жабдықсыз-ақ физикалық құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік береді.

- *Дәлдік*. Смартфондардың ішінде орнатылған сенсорлар физикалық шамаларды дәл өлшейді, бұл зерттеу нәтижелерін нақтылауға мүмкіндік береді.

- *Уақыт үнемдеу*. Эксперименттер жылдам ұйымдастырылады және нәтижелер автоматты түрде өңделіп, экранда көрсетіледі.

- *Оқу үдерісін жандандыру*. Мобильді қосымшалар арқылы эксперименттер жүргізу сабақтарды интерактивті әрі қызықты етеді.

- *Смартфондағы мобильді қосымшалар* физикалық құбылыстарды тіркеп, өлшеуге мүмкіндік беретін бірқатар сенсорлармен жабдықталған:

- *Акселерометр*. Қозғалыс жылдамдығын, үдеу мен тербелісті өлшейді.

- *Гироскоп*. Дененің бұрылысын және айналу қозғалысын анықтайды.

- *Магнитометр*. Магнит өрісінің күшін өлшеуге мүмкіндік береді.



- *Дыбыс датчигі.* Дыбыс толқындарын және олардың жиілігін тіркейді.

Осы сенсорлардың көмегімен көптеген физикалық заңдылықтарды зерттеуге болады.

Физикалық эксперименттерді мобильді қосымшаларды қолданып орындау кезеңдері айқындалды:

*Эксперимент мақсатын анықтау.* Қандай физикалық шамалар зерттелетінін және эксперименттің негізгі мақсатын анықтау.

*Қосымшаны іске қосу және сенсорларды баптау.* Оқушыларға қосымшаны орнату, қажетті сенсорларды іске қосу және өлшемдерді орнату.

*Экспериментті орындау.* Сенсорларды қолдану арқылы физикалық өлшемдерді тіркеу. Мысалы, дененің қозғалысы, тербелістері немесе дыбыс толқындары.

*Деректерді талдау.* Өлшем нәтижелерін қосымшадағы графиктер мен диаграммалар арқылы талдау және қорытындылар жасау.

Мобильді қосымшалар деректерді нақты уақытта тіркеп, өңдеп көрсетеді. Бұл оқушыларға тәжірибе барысында қандай физикалық құбылыстар орын алатынын бірден көруге мүмкіндік береді. Нәтижелерді қосымша арқылы экспорттап, басқа құралдарда да талдау жасауға болады.

Кейбір физикалық құбылыстарды зертханалық жағдайда орындау қиын немесе мүмкін емес. Мысалы, ауырлық күші, магнит өрісі немесе жарық толқындарын зерттеу кезінде мобильді қосымшалар физикалық процестерді модельдеу үшін қолданылуы мүмкін. Бұл оқушыларға дербес эксперименттер жүргізуге және олардың нәтижелерін визуализациялауға мүмкіндік береді.

*Physics Toolbox Sensor Suite мобильді қосымшасы* – физикалық эксперименттер үшін сенсорлар жиынтығын ұсынатын мобильді қосымша. Physics Toolbox Sensor Suite – бұл физикалық шамаларды өлшеуге және деректерді жинауға арналған мобильді қосымша. Бұл қосымша смартфонның ішіндегі түрлі сенсорларды пайдаланып, әртүрлі физикалық құбылыстарды зерттеуге мүмкіндік береді. Physics Toolbox Sensor Suite физика сабағында эксперименттер жүргізу үшін өте қолайлы, себебі ол көптеген әртүрлі шамаларды өлшеп, оқушыларға күрделі құбылыстарды түсіндіруге көмектеседі.

Physics Toolbox Sensor Suite көмегімен орындалатын Physics Toolbox Sensor Suite қосымшасы әр түрлі эксперименттерді орындауға мүмкіндік береді және мектеп жағдайында оңай қолдануға болады [6].

Physics Toolbox Sensor Suite арқылы эксперименттер жүргізу бойынша мысалын қарастарайық:

*Тақырыбы:* «Қозғалыс заңдарын зерттеу»

*Эксперименттің мақсаты:* Дененің қозғалыс үдеуін және жылдамдығын зерттеу. Смартфонды маятникке бекітіп, оның тербелісін бақылауға болады.

*Қажетті құралдар:* Смартфон және Physics Toolbox Sensor Suite қосымшасы.

*Процедура:* Смартфонды белгілі бір биіктіктен лақтырып немесе оны орын ауыстыратын денеге (мысалы, арбаға) бекітіп қойыңыз.

Қосымшаны ашып, акселерометр арқылы қозғалыстың үдеуін тіркеңіз.


Үдеу графигін қосымшада талдап, дененің қозғалысы кезінде қандай заңдылықтардың орын алатынын анықтаңыз.

*Нәтижелер:* Бұл тәжірибе арқылы оқушылар Ньютонның екінші заңын және үдеудің қозғалыс кезіндегі рөлін тереңірек түсінеді.

Акселерометр арқылы маятник қозғалысының амплитудасы мен периодын өлшеп, бұл мәліметтерді график түрінде көрсетуге болады.

Бұл акселерометрдің сенсорлық қосымшасы g-Force Meter, Linear Accelerometer, Gyroscope және Inclinator кинематикалық (қозғалыс) деректердің бірнеше нысандарын өлшейді және көрсетеді. Онда тиісті ақпарат x, y және / немесе z өлшемдерінде, сондай-ақ графикалық, сандық және векторлық форматтардағы жалпы көлемде көрсетіледі (Сурет 2).





Сурет 2 - Physics Toolbox Sensor Suite қосымшасымен қозғалыс заңдарын зерттеу

Physics Toolbox Sensor Suite – физикалық шамаларды өлшеуге және деректерді нақты уақыт режимінде талдауға мүмкіндік беретін қуатты құрал. Оқушылар осы қосымшаның көмегімен әртүрлі физикалық құбылыстарды өз бетімен зерттеп, нақты деректерді жинақтай алады. Бұл қосымша физикалық эксперименттерді өткізуді жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады.

Шынында да, жетілдірілген құралдар мен технологиялардың дамуы білім беру мақсатында мобильді құрылғыларға сұранысты арттырды. Мобильді құрылғылар контекстті ескере отырып, барлық жерде қолданылатын оқу орталарына жақсы сәйкес келеді, өйткені олар әртүрлі контексттерде қол жетімді және оларды оқу әрекеттерін жақсарту үшін білім алушылар пайдалана алады.

Инженерлік физика элементтері бойынша мобильді қосымшаларды қолдану – оқу процесін жандандырып, тәжірибелік тапсырмаларды орындауды жеңілдететін тиімді әдіс. Бұл әдістемені қолдану оқушылардың физикалық заңдарды тереңірек түсінуіне және олардың тәжірибелік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мобильді қосымшалар арқылы оқушылардың белсенділігі артып, олардың пәнге деген қызығушылығы артады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. С.В.Титова. Мобильное обучение сегодня: стратегии и перспективы // Вестник Московского университета. Серия 19: Лингвистика и межкультурная коммуникация. - 2012. - № 1. - С. 57–71.
2. Unesco. Mobile Learning Week Report. - Paris, 12-16 December 2011// <http://www.unesco.org/new/fileadmin/MULTIMEDIA/HQ/ED/ICT/pdf/UNESCO%20MLW%20report%20final%2019jan.pdf>
3. Чем frontend отличается от backend'a? <https://blog.skillfactory.ru/chem-frontend-otlichaetsya-ot-backenda-obyasnyаем-na-memah>
4. Ортақ хостинг дегеніміз не? Бастаушыға арналған түпкілікті нұсқаулық. <https://kk.blogpascher.com/>
5. Инженерлік физика. <https://univision.kz/kk/discipline/4933396.html>
6. Физика сабағында мобильді қосымшаларды қолдану әдістері. <https://moodle.enu.kz/mod/resource/>



## **Орта мектеп физика курсына астрономия бөлімінің дидактикалық мәселелерін дамыту**

**Юлдашев Физули Миркамилович**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Физика  
БББ 2-курс магистранты, Түркістан қ.*

**Ғылыми жетекшісі:**

**Сарыбаева Әлия Хожанқызы**

*п.ғ.к., Физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Қожа Ахмет Ясауи  
атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ.*

**Андатпа:** Мақалада орта мектеп физика курсына астрономия бөлімінің дидактикалық мәселелерін дамыту қарастырылған. Астрономияны физика бойынша оқу бағдарламасына енгізу қажеттілігінің заманауи әлеуетін қарастырылады. Физика контекстінде астрономияны оқытуда қолдануға болатын дидактиканың кейбір негізгі аспектілері анықталды. Астрономиялық курстың 7-сыныптан 9-шы сыныпқа дейін оқытылатын тақырыптары берілген.

**Түйін сөздер:** физика, астрономия, дидактика, математика, химия, информатика

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту- туралы оқу бағдарламаларының мазмұнын қайта қарау, білім беру тақырыптары, бөлімдері мен деңгейлері арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету, практикалық бағыттылықты, тәрбиелік компонентті күшейту және білім алушының функционалдық сауаттылығын дамыту қажеттілігі атап көрсетілген [1].

Астрономия-үнемі дамып келе жатқан және жаңа ашылымдар мен зерттеулермен байытылған ғылым саласы. Қазіргі ғылыми дамуды ескере отырып, астрономияда тиімді білім беру қажеттілігі барған сайын өзекті бола түсуде.

Шетелдік және отандық ғалымдар Левитан Е.П. [2] Давыдовский Е. В., Сулимова О. А. [3] Дробчик Т. Ю., Невзоров Б. П. [4], Абдурахманова Ш. [5], Сырым Ж. С., Марат П. М. [6] астрономия мен физиканы оқытудағы білім берудің мазмұнын, мақсаттарын, ұстанымдарын, педагогикалық негіздерін және білім беру сапасын арттырудың бағалау мотивтерінің жүйесін жасады.

Орта мектеп бағдарламасында физиканың астрономиялық бөлімін оқыту оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын оятуда, сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуда және ғаламды тереңірек түсінуге ықпал етуде үлкен әлеуетке ие. Астрономияны физика бойынша оқу бағдарламасына енгізу қажеттілігінің заманауи әлеуетін қарастырсақ:

**Пәнаралық оқыту:** Астрономия, әрине, физиканы математика, химия және информатика сияқты басқа STEM салаларымен біріктіру мүмкіндіктерін ұсына отырып, пәнаралық байланыстарға мүмкіндік береді. Аспан механикасы, электромагниттік сәулелену және спектроскопия сияқты тақырыптарды зерттей отырып, оқушылар физикалық ғалам туралы тұтас түсінік қалыптастыра алады.

**Технологиялық интеграция:** технологияның заманауи жетістіктері тәрбиешілерге оқытудың инновациялық құралдары мен ресурстарын оқу жоспарына енгізуге мүмкіндік береді. Виртуалды обсерваториялар, планетарий бағдарламалық жасақтамасы, астрономиялық деректердің онлайн дерекқорлары және модельдеу бағдарламалары оқушыларға астрономиялық құбылыстарды практикалық зерттеуге және виртуалды эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді.



*Ағымдағы зерттеулердің өзектілігі:* астрономия саласы серпінді дамып келеді, қазіргі ашылулар мен жетістіктер біздің ғарыш туралы түсінігімізді қалыптастырады. Экзопланеталарды ашу, гравитациялық толқындарды анықтау және ғарыштық микротолқынды фондық сәулеленуді зерттеу сияқты ағымдағы зерттеу нәтижелерін оқу бағдарламасына біріктіру оқушыларға ғылыми білімнің дамып келе жатқан табиғатын бағалауға көмектеседі.

*Ғылыми ізденіс дағдыларын дамыту:* Астрономия оқушыларға бақылау, деректерді талдау, гипотезаларды тексеру және дәлелдемелерді түсіндіру сияқты ғылыми ізденіс дағдыларын дамытуға бай мүмкіндіктер ұсынады. Аспан объектілерін бақылау, астрономиялық мәліметтер жиынтығын талдау және зерттеуге негізделген зерттеулерге қатысу сияқты практикалық іс-шаралар арқылы оқушылар ғалымдар сияқты ойлауға және ғылыми әдісті қолдануға үйренеді.

*Мәдени және тарихи контекст:* Астрономия адамзат өркениетінің тарихи, мәдени және философиялық өлшемдері туралы түсінік береді. Ежелгі астрономдардың қосқан үлестерін, аспан құбылыстарының мәдени түсіндірмелерін, космологиялық теориялардың эволюциясын зерттеу оқушылардың ғылымның, мәдениеттің және қоғамның өзара байланысы туралы түсінігін байытады.

*Технологиялық инновацияларға қосылу:* ғарышты игеру және астрономиялық аспаптардың дамуы астрономиядан тыс қолданбалы көптеген технологиялық инновацияларға әкелді. Физика оқу бағдарламасында астрономияны оқыту технологияның ғылыми жаңалықтардағы рөлін көрсетеді және оқушыларды инновациялар мен технологиялық прогресті ынталандыратын STEM салаларында мансапқа ұмтылуға шабыттандырады.

*Жаһандық ынтымақтастық және азаматтық:* Астрономия-бұл ірі ғылыми жобалар мен бастамалардың қозғаушы күші болып табылатын халықаралық ынтымақтастықпен жаһандық бастама. Оқушыларды жаһандық азаматтық ғылыми жобаларға, бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарына және мәдениетаралық алмасуларға тарту жаһандық азаматтық сезімін оятады және шекарадан тыс ынтымақтастыққа ықпал етеді.

*Этикалық және әлеуметтік ойлар:* ғарышты игеру, астробиология және жерден тыс өмірді іздеу сияқты тақырыптардағы пікірталастар этикалық, әлеуметтік және философиялық мәселелерді көтереді. Осы ойларды қарастыру оқушыларды ғылыми зерттеулердің этикалық салдары туралы сыни тұрғыдан ойлауға және ғарышты игеру мен технологиялардағы жетістіктердің қоғамға әсерін қарастыруға шақырады.

*Мансап жолдары және шабыт:* орта мектеп бағдарламасында астрономиямен танысу оқушыларды астрофизика, аэроғарыштық инженерия, планетарлық ғылымдар және ғылыми коммуникацияларды қоса алғанда, STEM салаларында мансапқа ұмтылуға шабыттандыруы мүмкін. Әр түрлі мансап жолдарын көрсете отырып және әр түрлі ортадан шыққан ғалымдардың қосқан үлестерін көрсете отырып, оқытушылар ғылыми жаңашылдардың келесі буынын шабыттандыра алады.

Физика контекстінде астрономияны оқытуда қолдануға болатын дидактиканың кейбір негізгі аспектілері анықталды:

1. *Көрнекілік:* планеталық модельдер, жұлдызды карталар, визуалды материалдар, бейнелер және интерактивті демонстрациялар сияқты көрнекі құралдарды қолдану оқушыларға астрономиялық құбылыстар мен процестерді жақсы түсінуге көмектеседі.

2. *Белсенді оқыту:* оқушыларды сабаққа белсенді қатысуға тарту, мысалы, пікірталастар, зертханалық жұмыстар, жобалар және практикалық сабақтар арқылы олардың материалды терең түсінуіне ықпал етеді.

3. *Пәнаралық тәсіл:* астрономияны физика, математика, география және биология сияқты жаратылыстану ғылымдарының басқа салаларымен байланыстыру оқушыларға астрономиялық зерттеулердің кең контекстін көруге көмектеседі.



4. *Проблемаға бағытталған оқыту*: нақты астрономиялық мәселелер мен есептерді шешу арқылы оқу материалын ұсыну оқушылардың ойлауын ынталандыруға және олардың талдау және сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

5. *Оқытуды даралау*: оқушылардың жеке ерекшеліктерін, олардың қызығушылықтары мен дайындық деңгейін ескеру оқу процесін максималды нәтижеге бейімдеуге мүмкіндік береді.

6. *Заманауи технологияларды пайдалану*: компьютерлік бағдарламаларды, онлайн ресурстарды, астрономиялық қосымшаларды және виртуалды зертханаларды пайдалану оқу процесін байытады және оны оқушылар үшін интерактивті және қызықты етеді.

7. *Практикалық маңыздылығы*: астрономиялық білімнің практикалық маңыздылығын және оны нақты өмірде қолдануды атап өту оқушыларға зерттелетін материал мен олардың қызығушылықтары мен мақсаттары арасындағы байланысты көруге көмектеседі.

Мектептің физика және астрономия курсының негізгі мақсаттарына мыналар жатады:

1) оқушылардың ақыл-ой, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту, өйткені бұл пәндерді зерттеу аналитикалық ойлауды, логиканы және проблемаларды шешу қабілетін дамытуға ықпал етеді.

2) қазіргі қоғамдағы физика мен астрономияның рөлін және адамзат мәдениетінің дамуын түсіну. Бұл ғылымдар қазіргі әлемді қалыптастыратын және өмір сүру деңгейін арттыратын көптеген технологиялар мен жетістіктердің негізінде жатыр.

3) табиғатқа ғылыми және ғылыми көзқарасты бекіту. Физика мен астрономияны зерттеу оқушыларға ғылыми әдіс қоршаған әлемді түсінуге және түсіндіруге қалай мүмкіндік беретінін түсінуге көмектеседі.

4) оқушыларға әлемді жақсы түсінуге және онымен өзара әрекеттесуге көмектесетін әлеуметтік маңызды дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру. Бұл сыни ойлауды, командада жұмыс істеу қабілетін дамытуды, сондай-ақ ғылыми білімнің жеке құндылықтар мен әлеуметтік прогресс үшін маңыздылығын түсінуді қамтиды.

Осылайша, мектепте физика мен астрономияны зерттеу оқушылардың табиғат туралы білімдерін байытып қана қоймай, олардың интеллектуалды, мәдени және әлеуметтік дамуына ықпал етеді.

*Астрономиялық курстың 7-сыныптан 9-шы сыныпқа дейін оқытылатын тақырыптары:*

*7 сынып:*

«Астрономия: аспан денелері туралы ғылым» (1 сағат)

«Аспан сферасының негізгі элементтері» (1 сағат)

«Планеталардың қозғалысы, күннің жылдық қозғалысы, Күн жүйесі туралы идеялар тарихы» (3 сағат)

«Басқа планеталардағы ауырлық күші» (1 сағат)

*8 сынып:*

«Айдағы, Шолпандағы, Марстағы термодинамикалық жағдайлар» (1 сағат)

«Күн: жұлдыз» (1 сағат)

*9 сынып:*

«Астрономия негіздері» (5 сағат)

Қорытынды.

«Аспан сферасының негізгі элементтері» тақырыбын түсіндіруде оқушыларға берілетін практикалық тапсырмаларды қарастырайық.

*Тақырыбы:* Аспан сферасының негізгі элементтері

*Мақсаты:* Аспан сферасының моделінің көмегімен оның негізгі элементтерін және тәуліктік айналуын оқып үйрену.

*Құралдар:* Аспан сферасының моделі.

*Қысқаша теория*

Аспан сферасы деп қандай да бір радиуспен сызылған, центрі бақылау нүктесінде орналасқан жорамал сфераны айтады. Сфераның бетіне аспан шырақтарының орны



проекцияланады. Аспан сферасында шырақтардың орындары мен қозғалыстарын зерттеу ыңғайлы болуы үшін арнайы сызықтар мен нүктелер белгіленеді (1-сурет).

Аспан сферасының айналу осін дүние осі деп атайды. Ол аспан сферасымен екі нүктеде қиылысады. Бұл нүктелерді солтүстік және оңтүстік дүние полюстері деп атайды. Аспан сферасының центрі арқылы өтетін, дүние осіне перпендикуляр жазықтық, сфераны аспан экваторы бойымен қиып өтеді. Бақылау нүктесінен (сфераның центрі) тұрғызылған тік сызық, сфераны зенит және надир деп аталатын нүктелерде қиып өтеді. Ал сфераның центрінен өтетін горизонталь жазықтық, сфераны математикалық горизонт, математикалық көкжиек бойымен қиып өтеді. Зенит, надир және дүние полюстері арқылы өтетін аспан сферасының үлкен шеңбері аспан меридианы деп аталады. Аспан меридианы математикалық горизонтпен екі нүктеде қиылысады. Солтүстік (N) және оңтүстік (S) нүктелері деп аталатын бұл екі нүктені қосатын сызық – талтүстік сызық деп аталады.



Сурет 1 – Аспан сферасының негізгі элементтері

Аспан экваторы мен математикалық горизонттың қиылысу нүктелері шығыс (E) және батыс (W) нүктелері деп аталады. Жазықтағы дүние өсіне перпендикуляр болып келетін аспан сферасының кіші шеңберлері – аспан 42 параллелдері деп аталады. Күн центрінің жылдық орын ауыстыруы эклиптика шеңберінің бойымен өтеді. Эклиптиканың аспан экваторымен қиылысуы екі нүктеде: көктемгі ( $\perp$ ) (жазғытұрымғы) және күзгі ( $\Omega$ ) күн мен түн теңесу нүктелерінде болады. Ыңғайлы болу үшін Х.Әбішұлы  $\perp$  нүктесін жаз нүктесі деп атауды ұсынған. Эклиптиканың аспан экваторымен жасайтын бұрышы –  $23^{\circ} 27'$ . Жазықтығы математикалық горизонтқа параллель болып келетін аспан сферасының кіші шеңберлері альмукуантараттар деп аталады.

Астрометрияда «Дүние полюсінің биіктігі жөніндегі теорема белгілі»: Жер бетінің қандай да пунктінде дүние полюсінің биіктігі, яғни дүние осінің горизонтпен жасайтын бұрышы, бақылау орнының географиялық ендігіне тең. Осы теоремаға сүйеніп, Жердің кез келген пунктінде жұлдызды аспанның көрінісін және тәуліктік өзгерісін зерттеуге болады. Ол үшін аспан сферасы моделіне дүние полюсінің биіктігін – бақылау орнының географиялық ендігіне тең етіп орнатып қойса болғаны. Аспан сферасында шырақтардың тууы және батуы, кульминация сияқты құбылыстарды зерттеуге болады. Шырақтардың тууы, батуы деп математикалық горизонтты қиып өтуін, ал кульминациясы деп аспан меридианын қиып өту құбылысын айтамыз.

Шырақтардың координаталарын өлшеу үшін аспан сферасында бірнеше көмекші шеңберлер жүргізіледі. Горизонттық координаталар жүйесінде биіктік шеңбері, экваторлық координаталар жүйесінде – сағаттық шеңбер, эклиптикалық координаталар жүйесінде – ендік шеңбері қолданылады. Биіктік шеңбері (немесе вертикаль, тіктік) деп зенит, шырақ



және надир нүктелері арқылы өтетін аспан сферасының үлкен жарты шеңберін айтады. Сағаттық шеңбері (немесе ауысу шеңбері, еңістік дөңгелегі) деп солтүстік және оңтүстік дүние полюстерін қосатын және шырақ арқылы өтетін аспан сферасының үлкен жарты шеңберін айтады. Ендік шеңбері деп эклиптика полюстері және шырақ арқылы өтетін аспан сферасының үлкен жарты шеңберін айтады. Эклиптика полюсі деп аспан сферасындағы эклиптика нүктелерінен бірдей қашықтықта орналасқан нүктені айтады [7].

*Тапсырмалар:*

1. Аспан сферасының моделі бойынша оның негізгі элементтерін тауып үйреніндер және аспан сферасының тәуліктік айналысы кезінде бұл элементтердің бақылаушыға карағанда орнының өзгеруін зерттендер.

2. Аспан сферасының негізгі элементтерінің нақты (шын) немесе математикалық горизонтқа қатысты алғанда орналасуын көрсетіндер.

3. Еңкею дөңгелегінің бірінде аспан шырақтарын бейнелейтін екі саптаманы, бірін аспан экваторы маңында, екіншісін солтүстік дүние полюсінің маңында болатындай етіп бекітіңдер. Модельді аспан сферасының тәуліктік айналу бағытында айналдырып, аспан параллелдерінің орналасуында және аспан шырақтарының аспан экваторына және нақты(шын)немесе математикалық горизонтқа қатысты алғанда тәуліктік қозғалыстарындағы ұқсастықтары мен айырмашылығын көрсетіндер.

4. Дәптерлеріңе аспан сферасының төмендегінегізгі элементтерінің проекциясының кескінін салыңдар:

а) аспан меридианы.

б) нақты(шын) немесе математикалық горизонт.

в) аспан экваторы.

5. Мына қалада зенит нүктесінен дүние полюсіне дейін бұрыштық қашықтығын анықтаңдар.

Физика мен астрономия жоғары дүниетанымдық және білім беру мәні бар біртұтас ретінде қарастырылады. Әлемді толық түсіну үшін физикалық және астрономиялық білімді біріктіру маңызды. Біртұтас жүйеде оқу материалын қалыптастыру үшін сабақтан тыс тесттер және жұлдызды карталармен жұмыс сияқты әдістемелік және дидактикалық әдістерді қолдану қажеттілігі атап өтіледі.

Қолданылған оқыту әдістері:

- Теориялық материалдарды түсіндіретін дәрістер.

- Астрономиялық бақылаулар және деректерді талдау бойынша практикалық сабақтар.

- Астрономиялық объектілер мен құбылыстарды зерттеу бойынша жобалар.

- Астрофизикадағы өзекті мәселелерді талқылауға арналған пікірталастар.

Күтілетін нәтижелер:

- Оқушылар астрофизика бойынша негізгі білім мен түсінікке ие болады.

- Астрономиялық деректерді талдау дағдыларын қалыптастырады.

- Астрофизика бойынша ақпарат көздерімен өз бетінше жұмыс істеу қабілетін дамытады.

- Ғылыми зерттеулерге деген қызығушылықты арттырады.

Астрономия оқушыларға ғалам туралы білімдерін тереңдетуге, аналитикалық ойлауды және осы саладағы ғылыми зерттеулерге қызығушылықты дамытуға мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы. ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы. <https://adilet.zan.kz>

2. Левитан Е. П. Быть или не быть школьной астрономии // Земля и Вселенная. – 2010. – №. 1. – С. 41-48.



3. Давыдовский Е. В., Сулимова О. А. Опыт тестирования любительской астрономической оптики //Земля и Вселенная. – 2013. – №. 4. – С. 84-91.

4. Дробчик Т. Ю., Невзоров Б. П. Преподавание астрономии школьникам: проблемы и перспективы //Профессиональное образование в России и за рубежом. – 2018. – №. 1 (29). – С. 113-122.

5. Абдурахманова Ш. Цифрлық ресурс негізінде мектепте астрономияны оқыту әдістемесі //Theoretical Hypotheses and Empirical Results. – 2023. – №. 5.

6. Сырым Ж. С., Марат П. М. Орта мектепте сфералық астрономияны оқыту әдістемесінің кейбір мәселелері //Научный журнал" Вестник Актыюбинского регионального университета имени К. Жубанова". – 2020. – Т. 59. – №. 1.

7. Ж.С.Сырым, П.М. Марат. Астрономия пәнінен тапсырмалар мен жаттығулар: Оқу-әдістемелік құралы. – Орал: М.Өтемісов атын. БҚМУ РБО, 2020. – 88 б.



## Требования к содержанию и оформлению

### Авторские права.

Высылая материалы, автор гарантирует, что

- по данной работе у автора нет обязательств перед третьими лицами, препятствующими размещению материалов;
- отправляя материал для публикации в журнале, Вы подтверждаете, что права на нее принадлежат Вам, и если возникнут проблемы с соблюдением авторских прав, то обязуетесь разрешать их самостоятельно;

### Требования к содержанию и оформлению статей:

1. В структуру статьи должны входить: заглавие статьи; ФИО автора/ов; занимаемая должность; название учреждения; город/район; текст статьи; список литературы, который должен содержать лишь цитируемые в тексте работы.

2. Заглавие статьи должно быть информативным, лаконичным.

3. Статья предоставляется в редакцию журнала в электронном виде.

4. Объем статьи не должен превышать **4 страниц** формата А4, страницы должны быть целиком заполнены текстом. Шрифт 14 Times New Roman, интервал – 1,0. Поля: слева, справа, сверху, снизу – 2 см, включая таблицы, схемы, рисунки и список литературы.

5. Все формулы должны набираться в «Редакторе формул» в текстовом редакторе Word.

6. Все графики и диаграммы и прочие выстраиваемые объекты должны быть снабжены числовыми данными, обеспечивающими при необходимости их (графиков, диаграмм) достоверное воспроизведение, размер шрифта-12 пт.

7. Табличные сноски располагаются под таблицей.

8. Список литературы оформляется в конце статьи.

9. Статья сопровождается краткими аннотациями (5-7 предложений), содержащими информацию о тематике и проблематике статьи, цели ее написания.

10. Ответственность за содержание статьи несут авторы.

11. Редакционная коллегия оставляет за собой право публикации или отклонения статьи.

12. Материалы авторам не возвращаются.

13. Статьи, оформленные с нарушением требований, к регистрации не принимаются.

14. Фото не помещать в текст (сохранять отдельно в формате JPG с нумерацией от №1, №2). В тексте статьи указывать номер фото, выделяя жирным шрифтом.

15. В отдельном от статьи файле (Заявка) указываются сведения об авторе: ФИО, учёная степень, учёное звание, занимаемая должность, название учреждения, домашний адрес, контактные телефоны, e-mail.

16. Можно приложить качественную фотографию автора (в электронном виде).

17. Редакционная коллегия имеет право вернуть на доработку автору материалы при невыполнении предъявляемых требований, наличии орфографических, грамматических и стилистических ошибок, отрицательной рецензии.

18. Статья обязана сопровождаться Рецензией, с подписью автора и печатью учреждения, в которой работает рецензент (авторами рецензии могут быть, руководители МО, методисты, ППС института или вуза)

19. Материалы представляются на казахском или русском языках на электронный адрес [ziat.journal@mail.ru](mailto:ziat.journal@mail.ru)

### Требования к содержанию и оформлению методической разработки:

1. Представляемый материал (методическая разработка, конспекты) должен являться оригиналом, неопубликованным ранее в других печатных изданиях.

2. Первая страница должна содержать следующую информацию: заглавие, фамилию, имя автора, место работы (наименование организации) автора, далее следует текст.

3. В конце метод.разработки должен быть приведен список использованной литературы.

4. Материалы представляются на казахском или русском языках на электронный адрес [ziat.journal@mail.ru](mailto:ziat.journal@mail.ru) в формате «Microsoft Word».

5. Объем текста не должен превышать **4 страниц** формата А4. Набор текста должен быть осуществлен с учетом соблюдения общепринятых стандартов (абзацные отступы, «одинарный» межстрочный интервал и тп.), тип шрифта «Times New Roman», шрифт 14, интервал – 1,0. Поля: слева, справа, сверху, снизу – 2 см.

6. Ответственность за содержание материала несут авторы.

7. Методические разработки, оформленные без соблюдения данных требований не принимаются к публикации.

8. При наличии редакционных замечаний материал так же возвращается автору на доработку.





## Мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын талаптар

### Авторлық құқық.

материалды ұсынғанда, автор кепілдік береді

- осы жұмыс бойынша авторда материалдарды орналастыруға кедергі келтіретін үшінші тұлғалардың алдында міндеттемелер жоқ;

- журналға материалды жариялауға жібере отырып, сіз оған деген құқық Сізге тиесілі екенін растайсыз, егер авторлық құқықты сақтауда проблемалар туындаса, оларды өз бетінше шешуге міндеттенесіз;

### Мақалалардың мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын талаптар:

1. Мақала құрылымына: мақаланың атауы; автордың аты-жөні; атқаратын қызметі; мекеменің атауы; қала/аудан; мақала мәтіні; тек жұмыс мәтінінде дәйексөз келтірілетін әдебиеттер тізімі кіреді.

2. Мақаланың тақырыбы ақпаратқа толы, жинақы болуы керек.

3. Мақала журнал редакциясына электронды түрде ұсынылады.

4. Мақала көлемі А4 форматындағы 4 беттен аспауы тиіс, беттер толық мәтінмен толтырылуы тиіс. Қаріп 14 Times New Roman, интервал – 1,0. Өрістер: сол, оң, жоғарғы, төменгі – 2 см, кестелерді, сызбаларды, суреттерді және әдебиеттер тізімін қоса алғанда.

5. Барлық формулалар Word мәтіндік редакторында "Формулалар редакторында" терілуі тиіс.

6. Барлық кестелер мен диаграммалар және өзге де құрылатын объектілер сандық деректермен жабдықталуы тиіс, қаріп мөлшері-12 пт.

7. Кестелік сілтемелер кестенің астына орналастырылады.

8. Әдебиеттер тізімі мақала соңында рәсімделеді

9. Мақала тақырыбы мен мәселесі, оны жазу мақсаты туралы ақпаратты қамтитын қысқаша аннотациялармен (5-7 сөйлем) сүйемелденеді.

10. Мақала мазмұнына авторлар жауап береді.

12. Редакциялық алқа мақалаларды жариялау немесе қабылдамау құқығын өзіне қалдырады.

12. Материалдар авторларға қайтарылмайды.

13. Талаптар сай келмейтін мақалалар тіркеуге қабылданбайды.

14. Суретті мәтінге орналастырмау (№1, №2 нөмірленген JPG форматында жеке сақтау). Мақала мәтінінде Фото нөмірін жазып көрсеті қажет.

15. Мақаладан бөлек файлда (өтінім) автор туралы мәліметтер көрсетіледі: аты-жөні, оқу дәрежесі, оқу атағы, атқаратын қызметі, мекеменің атауы, мекен-жайы, байланыс телефондары, e-mail.

16. Автордың сапалы суретін (электронды түрде) қоса беруге болады.

17. Редакциялық алқа қойылатын талаптар орындалмаған, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателер, теріс рецензиялар болған кезде материалдарды авторға толықтыруға, өзгертуге қайтаруға құқылы.

18. Мақалаға рецензия жазылуы керек, онда рецензия жазған автордың қолы және рецензент жұмыс істейтін мекеменің мөрі қойылуы қажет (рецензияның авторлары ӨБ жетекшілері, әдіскерлер, институттың немесе ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамы болуы мүмкін).

19. Материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде электронды мекен-жайға ұсынылады **ziat.journal@mail.ru**

### Әдістемелік әзірлемелердің мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын талаптар:

1. Ұсынылатын материал (әдістемелік әзірleme, конспектілер) бұрын басқа баспа басылымдарында жарияланбаған болуы тиіс.

2. Бірінші бетте мынадай ақпарат болуы тиіс: материал тақырыбы, тегі, аты, жұмыс орны (ұйымның атауы), әрі қарай мәтін жазылады.

3. Соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімі келтірілуі тиіс.

4. Материалдар қазақ немесе орыс тілдерінде "Microsoft Word" форматында электронды мекен-жайға ұсынылады **ziat.journal@mail.ru**.

5. Мәтін көлемі А4 форматындағы **4 беттен** аспауы тиіс. Мәтін терімі жалпы қабылданған стандарттарды (абзацтық шегіністер, жоларалық "бір" интервал және т.б) сақтауды есепке ала отырып жүзеге асырылуы тиіс.), "Times New Roman" шрифтінің түрі, 14 шрифт, интервал – 1,0.

6. Материалдың мазмұнына авторлар жауапты

7. Осы талаптарды сақтамай рәсімделген әдістемелік әзірлемелер жарияланымға қабылданбайды.

8. Орталық қойылатын талаптар орындалмаған жағдайда, орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық қателер, болған кезде материалдарды авторға толықтыруға, өзгертуге қайтаруға құқылы.